

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Диас Дүйсенұлы: Табыс - бұл маңдай тердің көрсеткіші.

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.12.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/127636/>

Қайырлы күн, құрметті көрермендер !

Сіздермен мен, Ақбаян Шоқанқызы және бүгін бізде қонақта маркетинг саласы арқылы он бес жасында бір миллион табысқа жеткен, жас кәсіпкер Диас Дүйсен.

Жасөспірім кезіңізден бастап, маркетинг саласына қызығушылығыңыздың ашылуына не түрткі болды ?

— Он бес жасымнан бастап официант болып жұмыс жасадым. Жұмысым ауыр, ал табысым аз болды. Сол үшін маркетинг саласымен айналыса бастадым. Табыс — бұл маңдай тердің көрсеткіші.

Он бес жаста бір миллион табысқа жету, жүз адамның ішінде бір адамға берілетін джекпот секілді ме ?

— Әрине жоқ. Менің ойымша адам еңбек етіп, алдына мақсат қойса, ол қалаған дүнге жетеді. Ең бастысы алған беттен тайынбау.

Баласы жетістікке жетсе ата-анасы бірінші болып қуанады, сіздің отбасыңыз бала кезде табыс табуына қалай қарады ?

— Ең бастысы сөйлесе білі керек деп ойлаймын. Әр ата-ана баласы қолдауға асық болады. Менің ата-анамның көзқарасы жақсы болды.

Қазіргі таңда маркетинг саласын оқып жатқан адам саны көп, саны көп, ал сапасы жоқ деп ойламайсыз ба ?

— Иә, қазір оқып жатқандар өте көп. Ең бастысы, білімді дұрыс алу және тәжірибе. Менің қазір бұл саланы оқытатын мектебім бар. Ол жерде біз оқушыларға келіссөздеді дұрыс жүргізуді, сатып алушыны қызықтыруды, жобаны дұрыс жасауды үйретеміз. Қазақстанда маркетинг саласын дамытқымыз келеді.

Маркетинг саласы арқылы қандай жетістікке жеттіңіз ?

— Көптеген жобаларды сәтті аяқтадым. Мен қазір дұрыс табыс табудың жолдарын білемін. Алғашында бір миллион табыс тапсам, қазір он миллионға жуық табыс табамын.

Өзіңіз сияқты жасөспірімдерге қандай кеңес бере аласыз ?

— Әрқаша алға ұмтылыңыз, жеңіл жолды ізмеңіз. Армадаңыз, сол арманға жетер жолда аянбай еңбек етіңіз.

Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Тұран университетінің 4-курс студенті

Атапкелова Ақбаян Шоқанқызы

Жетекшісі:Рушанова Н.Б

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.